



ҚҰРМЕТТІ ҚҰРЫЛТАЙ
ДЕПУТАТТАРЫ,
ҮКІМЕТ МҮШЕЛЕРІ!
ҚАДІРЛІ ҚАУЫМ!

Баршаңызға бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуы құтты болсын!

Еліміз өзінің даму жолында аса маңызды кезеңге аяқ басты. Бұл – мемлекетіміз үшін мән-мағынасы айрықша оқиға, тарихи сәт. Біз ұлт жылнамасының жаңа парағын ашып отырмыз.

Жалпыұлттық референдум кезінде Қазақстан халқы қолдаған жаңа Конституцияға сәйкес еліміздің бір палаталы заң шығарушы органы – Құрылтай ресми түрде өз жұмысына кірісті. Бұл – мемлекетіміздің саяси жүйесінің жаңару үдерісі дәл осы күннен бастау алады деген сөз.

Төл тарихымызға зер салсақ, Құрылтайда мемлекеттік маңызы бар мәселелер кеңінен талқыланып, ортақ шешімдер қабылданған. Бұл институттың жаңа кезеңде де жөні бөлек болары анық. Себебі Құрылтай билік жүйесін түбегейлі жаңғыртады, бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін береді. Құрылтай ұлттық заңнама сапасын арттыру арқылы еліміздің құқықтық негізін нығайта түседі.

Осы тарихи миссияны атқару сіздерге жүктеліп отыр. Құрылтайдың бірінші шақырылымының депутаты болу – ең алдымен, ерекше сәт. Бұл үлкен бақыт деп айтсақ, қате болмас. Осы аса абыройлы атқа сай лайықты қызмет етесіздер деп сенемін!

Азаматтар елімізде жүзеге асып жатқан ауқымды өзгерістерді жаппай қолдауда. Мұны Құрылтай сайлауы айқын аңғартты. Осы науқанға азаматтарымыздың 74 пайыздан астамы қатысып, дауыс берді. Халқымыз ел тағдырына әсер ететін тарихи таңдауын жасады. Жұртымыз бұл іске зор жауапкершілікпен қарап, қоғамымыздың ауызбіршілігін паш етті. Осылайша, ел бірлігінің мызғымас тірегіне айналған «Әралуан пікір – біртұтас ұлт» қағидаты нақты жүзеге асты.

Құрылтай сайлауына шетел азаматтарының қызығушылығы өте жоғары болды. Қазақстанға беделді халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттен 800-ге жуық байқаушы келді. Бұл – ұлттық парламентаризм тарихындағы ең жоғары көрсеткіш.

Сайлау ашық әрі әділ өтті, өте жоғары деңгейде ұйымдас-тырылды. Бүгінде азаматтарымыз саясатқа оң көзбен қарап, қоғамдық істерге белсене араласатын болды. Бұл – жақсы үрдіс. Мұны жұртшылықтың депутаттарға қоятын талабы әрдайым жоғары болады деп түсінген жөн.

Қазіргі заман құр уәденің, жалған сөз бен жалаң ұранның уақыты емес. Біздің қоғам кемелдене бастады. Ел ішінде кәсіби Парламентке деген сұраныс артқанын көріп отырмыз. Құрылтайға білікті мамандардың келуі – осының айқын дәлелі. Әрине, бәсекенің аты – бәсеке. Біреу ұтады, біреу ұтылады. Алайда елімізде өз пікірін білдіруге, өз көзқарасын айтуға неше түрлі тетік бар. Заңымызға сай келетін түрлі мардымды пікірлер, ұсыныстар

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БІРІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



неғұрлым көп айтылса, елімізге де соғұрлым тиімді болады, нақты пайдасы тиеді.

Жалпы, бұл сайлаудың мәні де, мазмұны да өзгеше болды. Себебі өткен сайлау ең алдымен Қазақстандағы саяси алуандықтың жаңа сапалы деңгейге көтерілгенін байқатты. Партиялар өзінің әлеуетін толық көрсетті. Өз бағдарламасын жұртшылыққа жан-жақты түсіндіріп, жеткізе білді. Науқанға қатысқан барлық партияның ұсыныстары жұртшылықтың назарын аударды, қоғамдық өмірге үлкен серпін берді. Көптеген байқаушылар партиялардың арасында ашық бәсеке болғанын айтты.

Шын мәнінде, әр партияның өз бағдары, ұстанымы және идеологиясы бар. Науқан барысында олардың қоғамдағы рөлі, саяси жүйедегі орны айқындала түсті. Мұны Құрылтай сайлауының негізгі жетістігі деп бағалауға болады. Осындай оң өзгерістердің арқасында Қазақстандағы саяси-қоғамдық мәдениет үнемі дамып, жетіліп отырады.

Болашақта партиялардың билік жүйесіндегі ықпалды да күшейе түседі. Әр науқан сайын олардың рөлі арта бермек. Сондықтан партиялар алған бағыттарынан таймай, сайлаушылармен жұмысты жалғастыра беруі керек. Сонда ғана саяси ұйымдардың беделі күшейе түседі.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, партиялар ұсынған бағдарламалардың мазмұнына ерекше тоқталғым келеді. Бұл құжаттарда тың идеялар, тиімді ұсыныстар бар. Оның бәрі де алдағы жұмыс барысында мұқият сараланады. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін ең ұтымды шешімдер Үкіметтің жұмысында ескерілуге тиіс.

Сайлауда «Әділет» партиясы басым дауыспен жеңіске жетіп, Құрылтайда конституциялық көпшілікті құрап отыр. Сондықтан «Әділет» партиясына қойылатын талап та, артылатын үміт те, сенім де аса жоғары. Осы орайда, қоғамды ортақ мүддеге ұйыстырып, реформалардың қозғаушы күші болу өте маңызды. Бұл міндет ойдағыдай орындалады деп сенемін.

Жалпы, Құрылтайдың алғашқы құрамына айрықша жауапкершілік жүктеледі. Депутаттар халықтың аманатына адал болып, мемлекет мүддесіне қызмет етуі керек. Бұл – анық ақиқат. Мұны ешқашан естен шығармау қажет.

Қазіргі таңда еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Қазақстан жаңа өрлеу кезеңіне қадам басты. Биыл еліміздің болашағы үшін мән-маңызы зор көптеген тарихи оқиғалар болды. Халқымыз аз уақыт ішінде бір ұлт болып көп жұмыс атқарды. Елімізде жалпыұлттық референдум арқылы ауқымды конституциялық реформа табысты жүзеге асырылды. Осылайша, біз нағыз Халық Конституциясын қабылдадық.

Жаңа Конституцияның өз күшіне енуін төл тарихымыздағы аса маңызды бетбұрыс деп бағалауға болады. Соның нәтижесінде өсіп-өркендеуімізге жол ашатын мықты заңды негіз қалыптасты. Қазіргі заманның сын-қатерлеріне төтеп бере алатын мүлде жаңа саяси-құқықтық жүйенің іргетасы қаланды. Бұл жүйе мемлекет құрылымын толық жаңғыртып, билік институттарының тиімділігін арттырады, сондай-ақ, азаматтарымыздың ел басқару ісіне атсалысуына нақты мүмкіндік береді.

Реформаның арқасында тарихи тамыры тереңде жатқан Құрылтай ұғымы қайта жаңғырды. Ата-бабамыз ел тағдыры шешілетін сындарлы сәттерде Құрылтай шақырған. Мысалы, Талас құрылтайы алып империя – Алтын орданың құрылуына себепкер болды. Ал Ордабасы құрылтайы қиын-қыстау кезеңде барша қазақты бір байрақтың астына жинады.

Бұл ұғым Ұлы даладағы парламентаризм институтының жылнамасы тереңде екенін айғақтайды. Сондықтан заң шығарушы органға Құрылтай деген атау бердік. Бұл өткенді көксеу емес. Бұл – тарихи сабақтастықты сақтау, саяси дәстүрді заманауи басқару жүйесімен ұштастыру деген сөз. Құрылтай ұғымы халқымыздың өткенін, бірегей болмысын және жарқын болашаққа деген ұмтылысын айшықтайды.

Біз өскелең ұрпақтың игілігі үшін ынтымағы жарасқан, Заң мен тәртіп үстемдік құрған Әділетті, Қауіпсіз, Таза және Күшті Қазақстанды құрып жатырмыз. Алда ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сіздер осы миссияны іске асыруға белсене атсалысып, ең алдымен ұлттың, жалпы халықтың мүддесіне адал қызмет етесіздер деп сенемін.

**ҚЫМБАТТЫ
ОТАНДАСТАР!
ҚҰРМЕТТІ ЖИЫҢҒА
ҚАТЫСУШЫЛАР!**

Әлемдегі оқиғалар тасыған селдей жүйесіз, бейберекет

сипатқа ие, алдымызда не боларын болжаудың өзі қиын. Бұл катаклизмдерден елдер мен халықтардың ешбірі тыс қалған жоқ. Мемлекеттердің, әсіресе ірі елдердің арасындағы сенімге селкеу түсті. Бұл БҰҰ мен оның институттарының қызметіне зардабын тигізуде. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі жаһандағы және аймақтардағы бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау миссиясын атқара алмай отыр.

Осы аласапыранда өңірлік халықаралық ұйымдар алға шығып, олардың рөлі айтарлықтай артты. Әлемдік аренада «Орта державалар» деп аталатын мемлекеттер бой көрсете бастады. Қазақстан да аталған санатқа кіреді.

Сонымен қатар тұрлаусыз әлемде салыстырмалы түрде жаңа үдеріс белең алды. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қарыштап дамуда. Бұл үдерістің түптің түбінде қайда апарып соғары беймәлім, тіпті қазіргі нәтижелердің өзі екіұдай пікір тудырады. Кейде мұны осы технологияны ойлап табатындар да түсіне бермейді.

Мәселен, таяу келешекте ядролық қарудың орнын жасанды интеллект құралдары алмастыруы мүмкін деген болжам айтылды. Мұның бәрі әлемнің дамуы заңдылық пен қисыннан ада екенін көрсетеді. Ал оның зардабын келешек ұрпақ тартады.

Әлемде жаңа тәртіп қалыптасып жатыр. Ол кереғар сипатқа ие: бір жағынан қауіпті, зиянды, келешегі бұлыңғыр, ал екінші жағынан ілгері, технологиялық, перспективті әрі адамзат тарихындағы елеулі бетбұрыс саналады.

Мұндай жағдайда экономика, ғылым, әскери-дипломатия салаларында өзінің егемендігін нақты іспен қорғап, нығайтуға қауқарлы, ең маңыздысы, адам әлеуетін дамытатын мемлекеттер ғана жаңа дәуірге бейімделетіні баршаға түсінікті.

Дәл осы себепті мемлекетімізді жан-жақты жаңғырту стратегиялық тұрғыдан маңызды. Мақтангершілік емес, әділін айтсақ, біз жүргізіп жатқан ауқымды реформалардың қарқыны алдағы уақытта үдей түспесе, бәсеңдемейді. Қарапайым тілмен айтқанда, артқа шегінер жол жоқ. Бұл – елеулі жетістік.

Қазақ елінде жүргізіліп жатқан реформалардың күн тәртібінде қазіргі, тіпті келешектегі ықтимал жаһандық сын-қатерлер мейлінше ескерілген. Бұл аса маңызды. Басқаша

айтқанда, сол сынақтарды енсеру үшін алдын алу шаралары қабылданады.

Экономикада іргелі реформалар қолға алынды. Азаматтардың әл-ауқатын арттыру басты міндет ретінде белгіленді. Индустрияландыру қарқын алып, экономиканың жаңа өндірістік негізі айқындалып келеді.

Мемлекет және шетелдік инвесторлар құйған қомақты қаржының нәтижесінде барлық өңірде жаңа өндіріс нысандары мен мыңдаған жұмыс орны ашылып жатыр.

Қазақстанда халық тұрмысы мен экономикалық өсім үшін аса қажетті коммуналдық, көлік, энергетика және су инфрақұрылымдарын жаңғырту үдерісі басталды.

Сіздер, депутаттар, сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары кезінде ел ішін аралап, Қазақстанның бірте-бірте алып құрылыс алаңына айналып келе жатқанына куә болдыңыздар. Алайда үлкен құрылысқа қомақты инвестиция қажет. Мемлекет те бұдан тыс қалмауға тиіс.

Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ұзақмерзімді пайдасы бар стратегиялық маңызды жобаларды қаржыландыру, соның ішінде Ұлттық қордан қаржы бөлу жоспарланып отыр. Қаражат онды-солды, мақсатсыз жұмсалмайды. Мұндай қауесетті еш нәрседен хабарсыз, ниеті теріс адамдар таратады.

Кез келген қордың, әсіресе, Ұлттық қордың тиімділігі, ең алдымен, келер ұрпақтың игілігі жолындағы зор табысқа, нақты нәтижеге қол жеткізумен өлшенеді.

Ұлттық қордың пайдасын балаларымыз көріп отыр. Олардың есепшотына қомақты қаражат аударылып жатыр (Жақында ұстаздар алдында сөйлеген сөзімде оның мөлшерін айттым). Келешекте өскелең ұрпаққа қызмет ететін заманауи, сапалы инфрақұрылымды дамытуымыз керек.

Басқаша айтқанда, еліміздің алдағы ондаған жылдар, тіпті ғасырлар бойы дамуына берік негіз қаланады. Мемлекетіміздің іргесі де осы игі істердің арқасында беки түседі. Бұл мәселеге Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда кеңірек тоқталамын.

Біздің қалағанымыздай жедел болмаса да, еліміз ғылымды, озық цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті дамытуға ден қойып, инновациялық өркендеу жолына бағыт алды.

Біз әлеуметтік мемлекет ретінде азаматтардың әлеуетін арттыруға әрдайым баса мән береміз. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және креативті индустрия саласын жан-жақты дамытуға айрықша назар аударамыз. Мемлекет мақсатшыл, табанды, еңбекқор адамдарға әрдайым қолайлы жағдай жасайды.

Біз жастарға еңбек пен тәртіптің қаншалықты маңызды екенін түсіндіруіміз керек. Себебі бұл – табысқа жетудің көзі. Азаматтарымыз жаңа дәуірде құқықтық сауатсыздық, әлеуметтік масылдық, жөнсіз сөз бен орынсыз сынның еш пайдасы жоқ екенін білуі қажет. Мұның бәрі – еліміздің өсіп-өркендеуіне бөгет болатын кедергілер.

Салиқалы ұлттық сана-сезімді қалыптастыру ісіне айрықша мән беру керек. Мен бұл туралы Тамыз конференциясында арнайы айттым. Енді осы мәселеге Құрылтай қабырғасында қайта оралғанды жөн көріп отырмын. Ұлттың жадын күмәнді деректермен, бұрмаланған мәліметтермен улауға болмайды. Мұндай әрекет өткен күнге деген сенімді, келешекке деген үмітті әлсіретеді.

Біздің төл тарихымыз бен әдебиетіміз шет-шегі жоқ нәубет пен азапқа толы жылдардың жылнамасы емес. Әрине, біз өз тарихымыздағы қиын-қыстау кезеңдерді ешқашан ұмытпаймыз. Алайда халқымыздың басынан өткен қайғы-қасіретті ұлттық болмысымыздың арқауы етуге болмайды. Себебі ұлт тарихы тек жеңіліс пен сәтсіздіктерден тұрмайды, төл шежіремізде жарқын жеңістер мен жетістіктер аз болған жоқ.

Сондықтан жалпы әлем тарихына, басқа халықтардың тарихымен қатар, өз тарихымызға да үстірт және жеңіл-желпі, біржақты қарауға болмайды. Тарих өкпе-ренішпен емес, ұлт мүддесін көздеген шынайы көзқараспен жазылуға тиіс. Бұл – ең алдымен өскелең ұрпақ үшін қажет дүние. Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарымыз мұны жақсы түсінеді деп ойлаймын.

Бүгінде еліміздегі қоғамдық өмірдің барлық саласы реформаланып, бірегей инновациялық стандарттар мен тәсілдер қолданылуда. Мемлекеттік институттар мен экономикада жаңа емес, ең маңыздысы, азаматтық сана-сезім мен ұлт менталитетінде байыпты әрі ауқымды жаңғыру үрдісі жүріп жатыр.


Соғыстан, дағдарыстан және қырғи-қабақ қатынастан көз ашпаған қазіргі әлемде мұндай жүйелі қоғамдық трансформацияның өзін бірегей тәжірибе деп атауға болады. Бірде-бір аймақта мұндай үлгі етер мысал жоқ.

Қазақстан түбегейлі реформа жолына түсті, көзге айқын көрінетін өзгерістер жүріп жатқан елге айналды деп толық сеніммен айта аламыз.

Осы жаңғыру жолынан жаңылмай, қол жеткізген нәтижелерді орнықтыру үшін ұлтымыздың тарихи дамуындағы негізгі аспектілерге қатысты ұстанымымыз бен көзқарасымызды өзгерткен жөн.

Қоғамымыз аңыздарға емес, шынайылыққа арқа сүйеуі керек. Ескілікті аңсамай, алға қарай ұмтылып, ғылымды дамытуға ден қоюға тиіс. Ауызымен орақ орғандар емес, істің адамы бағалануы қажет. Жалғандыққа жаны қас, шындыққа жак халық болғанымыз жөн. Бұл аса маңызды қағидадтар келешек ұрпақ идеологиясының өзегіне айналуға тиіс. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан халқымыз тарихта талай сынаққа қасқайып қарсы тұрды. Енді өзінің күшқуатын даму көкжиегін кеңейтуге жұмылдырса деген тілек бар. Жасампаздық пен еңбек қана мұратымызға жеткізеді.

Баршаңыз әлемдегі ахуалдың аса күрделі екенін, болжауға келмейтінін көріп-біліп отырсыздар. Өзара сенім жоғалған, тұрақсыздық белең алған мұндай алмағайып кезеде Қазақстанның халықаралық беделі биік тұрғанын айрықша атап өткен жөн.



– БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Жаһан елдері, соның ішінде әлемдік саясатта ықпалы зор мемлекеттердің өзі біздің пікірімізге құлақ асады. Бұл өте маңызды. Біз ұлттық мүддемізді бәрінен биік қоя отырып, елімізге тән бейбітшілік, өзара достық пен тиімді серіктестік құндылықтарын күллі әлемге табанды түрде дәріптей береміз.

Түптеп келгенде, ұлт болып ұйыса алмасақ, азаматтарымыз ортақ іске жұмылмаса, осы жетістіктердің ешқайсысы да болмас еді. Еліміздің басты қуаты, яғни стратегиялық басымдығы – халықтың мызғымас бірлігінде және жасампаз рухында.

Біз озық ел ретінде биік мақсаттарға ұмтылуымыз керек. Ұсақ-түйек, кертартпа әңгімелерге, әлеуметтік енжарлыққа ұрынбай, әрқашан алға үмітпен, сеніммен қарауымыз қажет. Біздің нақты жоспарымыз бар, бағдарымыз да айқын. Тек өзімізге сеніп, табанды жұмыс істеуіміз керек.

Біз ұлттық сана-сезімді қалыптастыру ісіне баса назар аударатын болдық, бұл жұмыс өз жалғасын табады. Бұл – ең алдымен, төл шежіремізді тұтас тану және оны жұрт жадында жаңғырту деген сөз. Тарих – ұлттың темірқазығы, халқымыздың баға жетпес қазынасы. Оны жалған намыс пен даңғазмақтан үшін бұрмалау жақсылық әкелмейді.

Жігерімізді жасытып, кешегі күнге өкпе арта берсек, өскелең ұрпаққа қандай тәрбие береміз?! Біздің төл тарихымыз – қазіргі және келешек ұрпақтар мақтан тұтарлық бірегей жылынама. Себебі қазақ халқы – сан түрлі сынақтан, небір нәубеттен аман өтіп, қайсарлығын да, қаһармандығын да паш еткен халық. Санасы сергек, ойы азат ұлт өткен күннен сабақ алады, өткен тарихын биікке көтереді және әрдайым алға ұмтылады.

Әсіресе, қазір еліміз жаңа тарихи өрлеу кезеңіне қадам басып жатқан кезде бұл ұстаным айрықша маңызды. Біз жасампаз ұлт ретінде ақиқат пен аңыздың, шындық пен өтіріктің ара жігін ажыратып, жағымсыз кеселдерден біржола арылуымыз керек. Кезінде Ұлы Абай айтқан «бес дұшпаннан», әсіресе, өнбейтін дау-дамайдан, бос сөз бен құр мақтанудан аулақ болғанымыз жөн. Ең алдымен, білім мен ғылымға жүгініп, нақты іспен айналысуымыз қажет. Онсыз әлем өркениетіне ілесе алмай, көш соңында қалып қоюымыз мүмкін. Бірақ біз бұған жол бермейміз.

Төл тарихымызды тар жол, тайғақ кешсе де, алған бетінен қайтпаған, еңсесін тік ұстап, ел мүддесіне қалтқысыз қызмет еткен тұлғалар жазды. Олар ұлтымыздың көшін алға бастады. Елімізді көркейтеміз десек, осындай ұлт перзенттерінің өмірін, ұстанымдарын үлгі-өнеге етуіміз керек. «Ондай болмақ қайда» деп, қол қусырып отыру қаһарман жұртымызға тән қасиет емес. Рухы биік, жігері мықты адамдар өз отбасы мен қастерлі Отаны алдындағы жауапкершілікті терең сезінеді, ел игілігі үшін адал еңбек етеді. Өмірде табысты, қоғамда сыйлы болады. Шынайы отаншылдық дегеніміз де осы.

ҚҰРМЕТТІ ДЕПУТАТТАР!

Құрылтай жұмысының басталуы мемлекеттік басқару жүйесіндегі іргелі институционалдық өзгерістерге жол ашады. Себебі Құрылтай билік жүйесін қалыптастыру ісінде маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, Конституциялық сот судьялары, Орталық сай-

лау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері Құрылтайдың келісімімен тағайындалады. Депутаттар Президенттің ұсынуы бойынша Жоғарғы сот судьяларын сайлайды және қызметінен босата алады. Құрылтайға Конституциялық сот пен Жоғарғы сот судьяларын, сондай-ақ, депутаттарды құқықтық имунитеттен айыру құзыреті берілген. Құрылтай Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджет туралы есептерін бекітеді, Конституциялық соттың жыл сайынғы жолдауын тыңдайды. Бұдан бөлек, депутаттар Үкіметке



сенімсіздік білдіруге, Президентке Үкіметтің жекелеген мүшелерін қызметтен босату туралы ұсыныс білдіруге құқылы.

Бір сөзбен, Құрылтайға атқарушы және сот билігін қалыптастыруға, ел тағдырын айқындайтын стратегиялық маңызы бар мәселелерді шешуге қатысты аса ауқымды құзырет берілді. Біз, осылайша, заң шығарушы органның ықпалын едәуір күшейттік. Бұл – билік тармақтары арасындағы өзара теңгерім жүйесі нығая түседі деген сөз.

Жалпы, мемлекеттік және қоғамдық институттарды жүйелі түрде жаңғырту жұмысы жыл соңына дейін жалғасатын болады.

Енді мен Құрылтайдың алдында тұрған бірқатар маңызды міндеттерге тоқталып өтейін.

Бірінші. Жаңа Конституция нормаларын ескере отырып, еліміздің заңнамасына түзетулер енгізу қажет.

Жаңа конституциялық жүйеге өту барысында бұрынғы Парламент негізгі билік институттарының қызметін қамтамасыз ететін бірқатар маңызды заңдарды қабылдады. Енді Құрылтай әр салаға қатысты заңнаманы мұқият саралап, олардың Конституция қағидаттарына сай болуын қарауы керек.

Екінші. Құрылтай заң шығару үдерісінің тұрақтылығы мен сапасын қамтамасыз етуі керек. Бұған дейін Сенат Мәжіліс қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін, құқықтық тұрғыдан дұрыстығын, нормалардың өзара үйлесімділігін тексеріп отырды. Бұл жұмысты жандандыру қажет.

Заң шығару – аса жауапты жұмыс. Заңдарымыз әділетті, халыққа түсінікті әрі озық, яғни заман талабына сай болуы керек. Себебі заң мемлекеттегі әр азаматтың тағдырына, өміріне әсер етеді. Сондықтан заңның әр нормасы, әр тармағы тыңғылықты қаралып, жан-жақты талқылануы қажет.

Заң шығару қызметінің сапасын арттыру және жемқорлыққа себеп болатын жағдайлардың алдын алу үшін жасанды интел-

лектіні кеңінен қолдануға болады. Әрине, озық технологиялар кәсіби құқықтық сараптаманы алмастыра алмайды. Алайда технологияны сауатты пайдалану арқылы талдау жұмысының тиімділігін арттыруға болады. Депутаттар осы мүмкіндікті ұтымды қолдануы керек.

Қазіргі таңда менің бастамам мен «Е-Parliament» ақпараттық жүйесі әзірленіп жатыр. Бұл жүйе түйткілдерді заң арқылы алдын ала реттеуге мүмкіндік береді. Басты мақсат – цифрлық қызметтерді бір жерге тоғыстыру. Құзырлы органдар депутаттармен бірлесіп, осы платформаны Құрылтай қыз-

бірқатар заң жобасын қабылдауға тиіс. Ерекше қажеттілігі бар балаларды жан-жақты қолдау жөніндегі заңға баса назар аудару қажет. Мен осы мәселе жөнінде Ұлттық құрылтайдың Бурабайдағы отырысында айттым. Біз ерекше қажеттілігі бар балаларға көрсетілетін атаулы қолдаудың тиімді жүйесін құруымыз керек. Олардың толыққанды білім алуына жағдай жасау қажет. Әсіресе, медициналық және әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру керек. Осындай балаларға арналған орталықтарды әр облыстың және үлкен аудандардың қалаларында салу қажет. Демеушілер де осы

Бұл да ұлттық мүддеге тікелей қатысы бар маңызды мәселе.

Жалпы, жұртымыз елдегі реформалардың қаншалықты нәтижелі болғанын, ең алдымен, сіздердің қызметтеріңізге қарап бағалайды. Бұрынғы Парламентпен салыстырғанда, Құрылтайдың құрамында әйелдер мен жастардың үлесі едәуір өсті. Ауқымды өзгерістер мемлекеттік басқару ісіне, әсіресе, жаңа буынның, яғни жігерлі, отаншыл, еңбекқор жастардың келуіне себепші болды. Әкімдер құрамында, мемлекеттік мекемелерде, бизнесте жас буын өкілдері алдыңғы қатарға шыға бастады. Бұл – біз

болып, ұлтымызды ортақ іске ұйыстыруы қажет. Қазақстан парламентаризмін дамытуға елеулі еңбек сіңірген заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Ең басты игілік – бірлік» деген тамаша сөзі бар. Шын мәнінде, біз ырысты ынтымағымыздың арқасында мемлекеттігіміздің тұғырын нығайтып, нық сеніммен алға қадам басып келеміз. Береке бірлік бар жерге ғана тұрақтайды. Ауызбіршілігімізді сақтай білсек, әлі талай белесті бағындырамыз. Барлық мақсат-мұратымызға жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін.

ҚАДІРЛІ ҚАУЫМ!

Жоғарыда атап өттім, жаңа Конституцияға сәйкес билік институттарын жасақтау жұмысын бастау үшін біз бірқатар рәсімді өткізуіміз керек. Ең алдымен, Құрылтайдың басшылық құрамын сайлап, құрылымын қалыптастыру қажет. Өздеріңізге мәлім, Конституцияның 57-бабына сәйкес, Құрылтай төрағасының лауазымына кандидатураны Президент ұсынады.

Мен жауапкершілігі зор бұл лауазымға Айбек Арқабайұлы Дәдебайдың кандидатурасын ұсынамын.

Сіздер бұл тұлғаны жақсы білесіздер. Ол мемлекеттік басқару жүйесінде көп жыл қызмет етті. Тәжірибесі мол деп айтуға болады. Өзінің білімді, отаншыл, адал азамат екенін нақты істерімен дәлелдеді. Сондықтан оны осы лауазымға лайық деп санаймын. Құрылтай депутаттарынан Айбек Арқабайұлы Дәдебайдың кандидатурасын қолдауды сұраймын.

Ата заңға сәйкес, Үкімет жаңадан сайланған Құрылтай алдында өз өкілеттігін тоқтатады. Сондықтан Құрылтайдың құрылымы жасақталған соң мен өздеріңізге Вице-Президенттің және Премьер-министрдің кандидатуралары бойынша ұсыныс енгіземін.

Содан кейін сіздермен ақылдасып, Үкімет мүшелерін тағайындаймын. Сонымен қатар жаңа лауазымды – Қауіпсіздік Кеңесі төрағасының орынбасарын тағайындаймын. Құрылтай мен Үкімет құрамы толық айқындалған соң жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауымды жариялаймын. Жолдауда көтерілген барлық бастаманы атқарушы және заң шығарушы билік өкілдері бірлесіп, уақытылы әрі сапалы түзеге асыруға тиіс. Лауазымды тұлғалардың бәрі, әсіресе, қызметіне енді кірісетін азаматтар алдымызда тұрған ортақ мақсат-міндеттерді білуі керек.

Қыркүйектің екінші жартысында Халық Кеңесі жасақталады. Бұл – Қазақстан тарихындағы тұңғыш жоғары консультативтік орган. Еліміздің этникалық, аймақтық, әлеуметтік, қоғамдық-саяси ерекшеліктерін бір арнаға тоғыстыратын жаңа құрылым заңнамалық бастама көтеру құқығына ие болады. Шын мәнінде, бұл – бірегей орган. Осылайша, қысқа уақыттың ішінде биліктің барлық негізгі институттары жаңғырып, алдағы реформаларға тың серпін береді.

Нағыз отаншыл азамат үшін өз халқына адал қызмет етуден асқан бақыт жоқ. Ұлт мүддесі бәрінен биік тұруға тиіс. Әділетті, Күшті Қазақстанды құру – баршамызға ортақ міндет. Ел аманатына адал болу – парыз. Сіздер осы жолда табанды еңбек етесіздер деп сенемін. Құрылтай жұмысына табыс тілеймін! Қастерлі Отанымыз өсіп-өркендей берсін! Қазақстан Республикасы жасасын!

метіне тезірек бейімдеуі қажет.

Еліміз үшін аса маңызды заң жобаларын сарапшылармен бірге жан-жақты талқылау керек. Бұл істе қағазбастылық пен салғырттыққа жол беруге болмайды. Құрылтай қоғамдағы өзекті мәселелерге дер кезінде үн қататын жалпұлттық диалог алаңына айналуы қажет. Депутаттардың қызметі заңдылық, ашықтық, өзара сыйластық, пікір алуандығы қағидаттарына негізделуге тиіс.

Үшінші. Депутаттар бірінші сессияда бірқатар маңызды заңдарды қабылдауы қажет.

Мен осы жылы жасанды интеллектті орта білім беру саласына енгізу, цифрлық активтер индустриясын дамыту, Digital Qazaqstan стратегиясы туралы бірқатар Жарлық шығардым. Үкімет осы бағыттар бойынша қажетті заң жобаларын әзірлеп, Парламентке ұсынады.

Тағы бір мәселе. Біз елімізге кәсіби тұрғыдан жоғары билікті мамандарды, заманауи технологияларды және шетел капиталын көптеп тарту үшін жүйелі шаралар қабылдап жатырмыз. Бұл іске тың серпін беру үшін «Алтын визаны» енгізудің маңызы зор. Сонымен қатар еліміздің көші-қон саясатын жетілдіру қажет. Үкімет тиісті заң жобасын Құрылтайға жолдауы керек. Депутаттарымыз оны тезірек қарағаны жөн болар. Биыл Үкімет «Кітапхана және баспа ісі туралы» құрметті атағын енгізу жөнінде тапсырма бердім. Бұл мәртебелі марапаттар ұлт мәдениетіне қалтқысыз қызмет етіп, соның ішінде музыка және бейнелеу өнерін дамытуға елеулі үлес қосқан азаматтарға беріледі. Енді осы бастаманың заңнамалық негізін қалыптастыру қажет.

Бұдан бөлек, мен таяуда «Шәмші Қалдаяқов» медалі мен «Қазақстанның еңбек сіңірген суретшісі» құрметті атағын енгізу жөнінде тапсырма бердім. Бұл мәртебелі марапаттар ұлт мәдениетіне қалтқысыз қызмет етіп, соның ішінде музыка және бейнелеу өнерін дамытуға елеулі үлес қосқан азаматтарға беріледі. Енді осы бастаманың заңнамалық негізін қалыптастыру қажет.

Бұдан бөлек, Құрылтай қос палаталы Парламенттің депутаттары қарап үлгермеген

маңызды іс-шараға қатысады деп сенемін. Мемлекет шын мұқтаж жандарға әрдайым қолдау көрсетуі керек. Бұл – мен үшін тұрақты ұстаным.

Жалпы, біз өскелең ұрпақтың қолайлы және, ең бастысы, қауіпсіз ортада өмір сүруі үшін барынша жағдай жасауымыз керек. Осы орайда, Үкімет 16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желіге тіркелуіне заң арқылы тыйым салуды ұсынып отыр. Бұл мәселеге таяуда өткен Тамыз конференциясында арнайы тоқталып өттім. Мұндай шара әлемнің көптеген елінде қабылданып жатыр. Мен мұны қолдаймын. Осы жұмысқа баса назар аудару қажет деп санаймын. Бірақ тиісті заңды қабылдасақ, оны толығымен жүзеге асыру мәселесін ойлауымыз керек, себебі қауқарсыз заң ешкімге қажет емес.

Энергетика саласының технологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, баламалы энергия көздерін дамытуға мүмкіндік беретін заң жобаларын да тездетіп қарастыру маңызды. Сондай-ақ онлайн-платформалар мен масс-медиа әлеумесіне қатысты заңдарға айрықша назар аудару керек. Ақпарат кеңістігінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қосымша шаралар қабылдау қажет.

Түптеп келгенде, Құрылтай еліміздің заңнамаларын заман талабына сай жаңғыртуы керек. Ұлттық мүддені, жұртшылықты толғандыратын мәселелерді және қазіргі әлемдік үрдістерді ескере отырып, бұл жұмысты жедел әрі сапалы атқарған жөн.

Біз қазір қоғамда жаңа құндылықтарды орнықтырып жатырмыз. Бұл – күрделі, асқан ұқыптылықты талап ететін өте қажетті жұмыс. Жаңа этиканы қалыптастыру ісі ел алдындағы азаматтардың, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жүріс-тұрысына, мінез-құлқына байланысты екені сөзсіз. Қоғамдық орындарда келеңсіз, жөнсіз әрекеттерге жол бермеу қажет. Депутаттар заң қабылдаумен қатар, жаңа қоғамдық этиканы дәріптеуге үлес қосуға тиіс.

жүргізген реформалардың аса маңызды нәтижесі. Ашғын айтсақ, институционалдық өзгерістердің түпкі мақсаты да биліктің барлық тармағындағы кадрларды жаңарту, яғни саясатқа жаңашыл, жасампаз адамдарды әкелу. Қазіргі заманда жаттанды шешім, ескірген көзқарас, жалаң популизм ешкімге қажет емес.

Бізге жауапкершіліктен қашпайтын, батыл, белсенді, білімді басшылар, нақты өзгеріс жасай білетін азаматтар қажет. Келер ұрпақ кейбір кемшілігімізге түсіністікпен қарайтын да шығар. Себебі жұмыс қателіксіз болмайды. Бірақ біз реформаларды аяғына дейін жеткізбей, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы тарихи мүмкіндікті мүлт жіберсек, олар бізді ешқашан кешірмейді.

Қазіргідей көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан заманда бейқам, жасық әрі жауапсыз болсақ, тығырыққа тап боламыз. Еліміздің ертеңі әрбір депутаттың ынты-ықпалына, қажыр-қайратына және отаншылдығына байланысты екені сөзсіз. Сіздер түрлі қызметте табысқа жетіп, мол тәжірибе жинаған билікті мамансыздар. Өздеріңізді жауапты, жұртқа жанашыр, бастамашыл азамат ретінде танытып келесіздер. Енді осы тәжірибені ел игілігіне жаратып, Қазақстанды дамыту үшін табанды еңбек етесіздер деп сенемін.

ҚҰРМЕТТІ ДЕПУТАТТАР!

Құрылтайдың бірінші шақырылымы – ел дамуының жаңа белесі. Халық сіздерге зор сенім артып отыр. Енді сол сенімді ақтап, қоғамға пайдасы тиетін шаруамен айналысу қажет. Әрбір шешім елдің тағдырына, мемлекеттің болашағына тікелей ықпал етеді. Сондықтан әр қадам байыппен жасалуға тиіс. Жеке бастың мүддесі емес, елдің мүддесі басты орында тұруы керек.

Құрылтай мемлекет пен халықтың арасында дәнекер

■ **Жанарбек ӘШІМЖАН,** Құрылтай депутаты:

ҰЛТ ЖЫЛНАМАСЫНЫҢ ЖАҢА ПАРАҒЫ АШЫЛДЫ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен бірінші шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Құрылтайының алғашқы сессиясының ресми ашылуы – елдің саяси жүйесіндегі кезекті институционалдық өзгеріс қана емес, халықтың үнін билікке тікелей жеткізуге, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара байланысты жаңа сапалы деңгейге көтеруге бағытталған маңызды тарихи кезең.

Жаңа Құрылтайдың жұмысын бастауы қоғамның мемлекет басқару ісіне белсенді араласуына мүмкіндік беретін, халықтың сенімі мен мүддесін заң шығару деңгейінде қорғауға жол ашатын жаңа саяси кеңістіктің қалыптасуы деп білемін. Президент өз баяндамасында еліміздің алдағы даму бағыттарын айқындап, қоғам алдында тұрған негізгі басымдықтарға тоқталды. Әсіресе, ұлттың тұтастығын сақтау, рухани құндылықтарды дәріптеу және әлеуметтік әділдікті орнықтыру мәселелері әрқайсымызға үлкен жауапкершілік жүктейді.

Еліміздің болашағы тек экономикалық көрсеткіштермен өлшенбейтіні анық. Мемлекеттің қуаты ең алдымен оның рухани тұғырының беріктігімен, ұлттық құндылықтарының өміршендігімен айқындалады. Сондықтан өскелең ұрпақтың санасына ұлттық құндылықтарды сіңіру, тарихымызды түгендеу, мәде-

ниетімізді жаңғырту – кейінге қалдыруға болмайтын маңызды міндет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы бұл мәселелерді елмен кездесулерінде үнемі атап өтіп келеді. Демек, ұлттың темірқазығы саналатын руханият мәселесі мемлекеттіліктің күн тәртібінен бір сәтке де түскен емес. Сонымен қатар халықтың әл-ауқатын арттыру, әрбір азаматтың лайықты өмір сүруіне жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың басты өзегі. Әлеуметтік теңсіздікті азайту, өңірлердің дамуындағы алшақтықты қысқарту, әрбір азаматтың мәселесіне назар аудару – Құрылтай депутаттарының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі.

Халықтың мұң-мұқтажын билікке жеткізіп, ел игілігіне бағытталған әділ әрі тиімді шешімдер қабылдау жолында аянбай еңбек ету – басты парызымыз. Мемлекет басшысы атап өткендей, алдымызда заңнаманы заман талабына сай жаңғырту және қоғамда жаңа этиканы қалыптастыру міндеті тұр. Депутаттар тек заң қабылдаумен шектелмей, қоғамдағы жаңа құндылықтар мен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға да үлес қосуға тиіс.

Президент айтқандай, «қазіргі заманда жаттанды шешім, ескірген көзқарас, жалаң популизм ешкімге керек емес». Сондықтан биліктің барлық тармағында кадрлық жаңғыруды жалғастырып, сая-



ҚҰРЫЛТАЙ ҚОҒАМДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ДЕР КЕЗІНДЕ ҮН ҚАТАТЫН ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫНА АЙНАЛУЫ ҚАЖЕТ. ДЕПУТАТТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЗАҢДЫЛЫҚ, АШЫҚТЫҚ, ӨЗАРА СЫЙЛАСТЫҚ, ПІКІР АЛУАНДЫҒЫ ҚАҒИДАТТАРЫНА НЕГІЗДЕЛУГЕ ТИІС.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БІРІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫНДАҒЫ СӨЗІН

сатқа жаңашыл ойлайтын, жасампаз әрі жауапкершілігі жоғары азаматтарды тарту – жүзеге асып жатқан реформалардың маңызды бағыты.

«Реформаларды аяғына дейін жеткізбей, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы тарихи мүмкіндікті мүлт жіберсек, болашақ ұрпақ бізді ешқашан кешірмейді» деді Президент өз сөзінде. Бұл сөз – баршамызға үлкен жауапкершілік жүктейтін, уақыттың талабын дәл аңғартатын маңызды үндеу. Осы орайда түрлі саланың тәжірибелі мамандары

мен жаңа буын өкілдерінен құралған депутаттық корпус халықтың сенімін ақтап, ел игілігі жолында табанды еңбек етеді деп бек сеніммен айтуға болады.

Жаңадан өз жұмысын бастаған Құрылтай – ортақ мақсатқа жұмылған елдің бірлігі мен саяси кемелдігінің көрінісі. Алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Ең бастысы, халықтың сенімін ақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін адал әрі нәтижелі еңбек етуге бар күш-жігерімізді саламыз.

Өтемұрат САҒЫНДЫҚОВ, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры:

ҚҰРЫЛТАЙ ЕЛ ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРЕДІ

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Құрылтай билік жүйесін түбегейлі жаңғыртады, бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін береді. Құрылтай ұлттық заңнама сапасын арттыру арқылы еліміздің құқықтық негізін нығайта түседі» деп айтқанындай, бұл тарихи оқиғаның бастамасында құрылтай-

лықтар жасанды интеллектті білім жүйесіне енгізу, сандық активтер саласын дамыту және тағы да басқа өзекті мәселелерді талқылауға атсалысуда. Бұл бастама еліміздің әртүрлі саласының қарқынды дамуына әрі мемлекеттің экономикалық және демократиялық тұрғыдан өрлей түсуіне өз үлесін қосатынына сеніміміз зор.

Жанат МОМЫНҚҰЛОВ, саясаттанушы:

ЖАҢА САЯСИ ЖҮЙЕНІҢ БАСТАУЫ

– Құрылтайдың алғашқы жиынын жаңа саяси жүйенің басталуы ретінде қабылдауға болады. Президенттің сөздерінен байқалған негізгі идея – енді реформалардың өзі емес, олардың нәтижесі маңызды. Халық үшін де мәселенің мәні осында.

Президентіміздің «Құрылтайда бос уәде мен популизмге орын жоқ» деген сөзі жаңа депутаттарға қойылатын басты талапты аңғартады. Яғни жаңа институт халықтың көңіл күйін білдіретін кезекті мінбер емес, нақты шешім қабылдайтын және сол шешім үшін жауап беретін кәсіби саяси орган болуы тиіс. Бұл тұрғыда басым саяси күш – «Әділет»

партиясының жауапкершілігі ерекше. Құрылтай төрағалығына Айбек Дәдебайдың ұсынылуы да назар аударуға тұрарлық. Оның бұған дейін Президент Әкімшілігін басқаруы оны атқарушы билік пен жаңа парламент арасындағы байланысты қамтамасыз ететін маңызды тұлға ретінде көрсетеді. Меніңше, бұл таңдаудың астарында саяси сабақтастықты, басқарушылық тәртіпті және билік бағытының тұрақтылығын сақтау мақсаты жатыр. Жаңа Құрылтайдың алғашқы кезеңінде Президенттің саяси бағытын жақсы білетін, мемлекеттік басқару жүйесінен шыққан тұлғаның болуы билік үшін маңызды.

БАЛАҢЫЗ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫН БА?

Жаңа оқу жылы басталғанша, оқушының оқу құралдары түгенделгенше ата-анадан бастап көпшілік әбігерге түседі. Науқан кезінде саудагерлер де затын пұлдап, көбірек табыс табуға тырысады. Осындай мәселелердің алдын алу үшін арнайы «Мектепке дайындық» жәрмеңкесі ұйымдастырылып келеді. Ал қайсысы тиімді екенін әркім өзі шешері анық.



Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Астана қаласы әкімдігінің мұрындық болуымен барлық ауданда 1-31 тамыз аралығында мектеп жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Мұнда елорда тұрғындары жаңа оқу жылына қажетті тауарлар мен мектепке керек-жарағын қолжетімді бағада сатып ала алады. Сауда орындарына 200-ден 400-ге дейін адам келіп, кеңсе тауарын, мектепке қажетті керек-жарағын сатып алыпты. Жәрмеңкелер әр демалыс сайын өтеді.

– Біз тұрақты түрде мектепке қажетті құрал-жабдықтың барлық түрін жеткілікті көзdedік. Өйткені қара базарға қарағанда мұндай жәрмеңкелерде сату тиімдірек. Себебі халық жапатармағай келіп дәптер, қалам, бояғыш, өшіргіш, сөмке алады. Кей отбасының 4-5 баласы бар. Олар 50-60 дәптер, 10-12 қалам сияқты заттар-

ды бір-ақ алады. Бізге заттар көбіне Қытай мен Ресейден келеді. Науқан басталардың алдында Қорғасқа барып, көтерме сауданан әкеліп қоямыз. Жылда барып жүрген соң, сауданың ыңғайын білеміз. Арзан бере алмаймыз. Біздің де жол, басқа да төлем шығынымыз бар. Біз де бала-шаға бағып, күннің ыстық-суығына қарамай саудада тұрамыз, – дейді саудагер Ерден Жоламанов.

Елорда тұрғыны, көпбалалы ана Айна Акбар мектеп жәрмеңкесіне әдейілеп баруды дағдыға айналдырған. Ол базарға қарағанда мұндай жәрмеңкелердің тиімділігі бар деп отыр.

– Жаңа оқу жылы басталған сайын әр ата-ана әбігерге түсетін шығар. Астанада өмір сүру оңай емес. Мегаполис болған соң, нарықтың өзіндік талабы бар. Бір күн жұмыс істемей қалсаңыз, аш қалуыңыз мүмкін. Сондықтан күйеуім екі-үш жұмысты қатар атқарады. Төрт баламыз бар. Соның

үшеуі мектепке барады. Қазіргі балалар да көрінген жерден киініп, бірінің затын екіншісі қолданбайды. Қанша жерден жәрмеңке, акция болса да, ешкім өз саудасын жерге ұрып, тым арзанға бермейді. Оқу құралдарының өзіне 200-300 мың теңге жұмсаймыз. Ал нағыз мұқтаж отбасылар назардан тыс қалмаса екен, – деді көпбалалы ана.

Ашық дереккөздерге зер салсақ, Қазақстандағы оқу құралдарының негізгі бөлігі импорт арқылы келеді. Қытайдан дәптер, қалам, қарындаш, сызғыш, пенал, мектеп сөмкесі және басқа кеңсе тауарлары жеткізіледі. Ресейден қағаз өнімдері, кеңсе тауарлары, бояулар және мектепке қажетті кейбір өнімдер кіреді. Түркиядан қағаз, кеңсе және мектеп тауарларының бір бөлігі импортталады. Өзбекстаннан дәптер, қағаз және басқа да жеңіл өнеркәсіп өнімдері келеді. Оңтүстік Корея, Германия және басқа елдер көбіне арнайы кеңсе, оқу тауарларының жекелеген түрлерін жеткізеді.

Бұл арада белгілі экономист Ерсұлтан Ақылбайұлының пікірін білген едік. Қаржы сарапшысының пайымынша, мектепке қажетті оқу құралдары бір реттік акция негізінде қалып қалмауы тиіс.

– Мектепке керек-жарақтың бәрі әлеуметтік бағыт деп танылуы керек. Мәселен, Қытайда 19-20 миллионға жуық бала мектепке барады. Оларда оқуға қажетті заттар әлде бірледе туындамайды. Өйткені оларда өндіріс көп. Қарапай тілмен айтқанда, 50-70 теңге тұратын дәптер 30-35 теңге, қалам 40 теңгеден сатылып келсе, 25 теңгеге дейін арзандауы ықтимал. Біз де оқушыларға қажетті қағаз, қалам, сөмке сияқты заттарды көбірек өндірсек, осы бағыттағы кәсіпкерлікке қолдау, субсидия мол бөлінсе, дәл мұндай мәселе туындамайды, – дейді қаржы сарапшысы.

Токетері, мектепке қажетті құрал-жабдықтарға байланысты жәрмеңке болғаны жақсы. Дейтұрғанмен науқан кезінде ғана дүрілдеп, кейін бәсеңдеп, қалған уақытта қымбаттап кеткені жұрттың қалтасына ауыр тиеді. Сондықтан бұл салада кәсіпкерлік жанданып, баға тұрақтанып, халық әркез тиімді бағамен тұтынса нұр үстіне нұр.



536 БОС ЖҰМЫС ОРНЫ ҰСЫНЫЛДЫ

Астанадағы Жастар сарайында бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өтті: 50 жұмыс беруші мен түрлі саладағы серіктестер тұрғындарға 536 вакансия ұсынды.

Жәрмеңкені қалалық Еңбек мобильдігі орталығы ұйымдастырды. Оған жұмыс іздеген азаматтар, кәсіби бағытын өзгертуді жоспарлаған мамандар мен жастар қатысты. Ұсынылған жұмыс орындарындағы жалақы мөлшері – 250 мыңнан 500 мың теңгеге дейін. Бос орындар өнеркәсіп, қызмет көрсету, IT, сауда, білім беру және басқа да салаларды қамтыды.

Жұмыс берушілер арасында білікті жұмысшы мамандарына, инженерлерге, қызмет көрсету және білім беру саласының мамандарына сұраныс жоғары екені айтылды. Кандидаттарға қойылатын талаптар да өзгеріп, кәсіби дағдымен бірге жаңа жағдайға тез бейімделу, икем және үнемі білім жетілдіруге дайын

болу маңызды талаптардың біріне айналған.

Жәрмеңке барысында Еңбек мобильдігі орталығының мамандары жұмыспен қамтуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес берді. Атап айтқанда, жастар практикасы, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы және қайта даярлау бағдарламалары таныстырылды.

Қатысушылар жұмыс берушілердің HR-маманымен тікелей сөйлесіп, түйіндеме тапсырып, алғашқы сұхбаттан өтіп, қысқамерзімді біліктілікті арттыру курсы туралы ақпарат алды. Кейбір азаматтар алғашқы іріктеуден өтіп, компанияларға екінші кезеңдегі сұхбатқа шақырту алды. Жалпы жәрмеңкеге 200-ден астам елорда тұрғыны қатысты.





Райхан
РАХМЕТОВА

АСТАНАДА ЖЕТІ ЖҮЗІНШІ ЛОКОМОТИВ ШЫҒАРЫЛДЫ

Өнеркәсіп – елорда экономикасының негізгі қозғаушы күштерінің бірі. Бүгінде Астана Қазақстанның ірі өнеркәсіптік орталықтарының бірі ретіндегі орнын нығайтып келеді. Қалада заманауи өндіріс орындары дамып, озық технологиялар енгізілуде, жаңа жұмыс орындары ашылып, бәсекеге қабілетті өнім шығару көлемі ұлғаюда. Соның жарқын мысалдарының бірі – Индустриялық парк № 1 аумағында орналасқан «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ. Кәсіпорынның басты жетістіктерінің бірі – 17 жыл ішінде 700-локомотивін шығаруы.

Осы маңызды оқиғаға орай зауытта баспасөз туры ұйымдастырылып, соның аясында журналистер кәсіпорынның өндірістік қуаты, локомотивтерді құрастырудың технологиялық процесі және зауытта қолданылатын заманауи шешімдермен танысты. Кәсіпорын көлік технологиялары саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі – Wabtec Corporation халықаралық тобының құрамына кіреді. Бүгінде кәсіпорында 530-дан астам адам еңбек етеді, ал зауыттың өндірістік қуаты жылына 120 локомотивке дейін шығаруға мүмкіндік береді. ЛКЗ өнімділігі жоғары, үнемді әрі заманауи техно-

айналасында өндірістік және сервистік алаңдар қалыптасқан. Онда жабдықтарды, құрамдас бөлшектер мен қосалқы бөлшектерді өндіру, жөндеу және

шынайылық технологиясымен жабдықталған локомотив симуляторын және Evolution дизельдік қозғалтқышының моделін табыстады. Заманауи жабдықтың арқасында мамандар техниканы нақты пайдалану жағдайларына барынша жақын ортада оқудан өте алады. Бүгінгі таңда оқу орталығында Қазақстанның 1 000-нан астам азаматы кәсіби даярлықтан өтті.

ЛКЗ елордадағы білім беру ұйымдары және бейінді жоғары оқу орындарымен де белсенді ынтымақтастық орнатқан. 2011 жылдан бері кәсіпорынның өндірістік алаңында 150-ден астам студент тәжірибеден өтіп, олардың 10-ы кейіннен жұмысқа орналасты. Зауыт Астана кәсіптік-техникалық колледжі, Астана техникалық колледжі, «Астана-Профи» қалалық шаруашылық колледжі, Логистика және көлік академиясы, сондай-ақ Қ.Сәтбаев атындағы Техникалық университетімен ынтымақтастық орнатқан.

2023 жылғы желтоқсанда Wabtec компаниясы «Болашақ» халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-мен ынтымақтастық туралы меморандумға қол



қойды. Бағдарлама аясында студенттер компанияның АҚШ-тағы кәсіпорындарында өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндігіне ие болды. 2024

жылы қазақстандық төрт студент осындай тәжірибеден сәтті өтті. Компания қатысушыларды оқу бағдарламасымен қамтамасыз етіп, оларға еңбекақы төледі,

логиялар негізінде жасалған Evolution сериялы локомотивтерді шығарады.

Елордадағы кәсіпорынның өнімі ішкі нарықта ғана емес, шетелде де сұранысқа ие. ЛКЗ локомотивтері Әзербайжан, Молдова, Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Украина, Моңғолия және Өзбекстанға жеткізілген және қазір де жеткізіліп келеді. Астанадағы өндіріс өңірлік теміржол инфрақұрылымының бір бөлігіне айналып, Қазақстанның экспорттық әлеуетін нығайтуға ықпал етуде.

Wabtec компаниясының Қазақстанға салған тікелей инвестициясының көлемі 230 млн АҚШ долларынан асты. Бұл қаражат өндірістік қуатты дамытуға, технологиялар трансфертіне, мамандар даярлауға және жеткізушілердің өндірістік алаңдарын дамытуға бағытталды. Бүгінде кәсіпорын

оларға қызмет көрсету саласында 1 400-ден астам маман еңбек етеді.

Wabtec компаниясы теміржол тасымалының тиімділігін арттыруға бағытталған цифрлық шешімдерді енгізуде. Цифрландыру бағдарламасы аясында Evolution сериялы жүк локомотивтерінде Trip Optimizer жүйесін пайдалану бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Бұл технология локомотивті басқаруды оңтайландыруға, отын шығынын азайтуға, сондай-ақ пайдалану қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. 2024 жылдан бастап Evolution сериялы жүк локомотивтерінің бүкіл паркіне Trip Optimizer жүйесін өнеркәсіптік ауқымда орнату кезеңі басталды.

Ынтымақтастықтың тағы бір маңызды бағыты – кадр даярлау жүйесін дамыту. Wabtec компаниясы «ҚТЖ» АҚ-ның оқу орталығына виртуалды



тұратын орын мен АҚШ ішіндегі әуе сапарларын ұйымдастырды.

Әлеуметтік саясаттың маңызды бағыттарының бірі – балалар мен жастар үшін заманауи инфрақұрылым қалыптастыру. 2026 жылғы 15 сәуірде Wabtec компаниясының қатысуымен ҚТЖ-ның «Әлеуметтік жобалар қоры» корпоративтік қоры әлеуметтік жобаларды іске асыру туралы келісімге қол қойды. Келісім аясында Қызылорда облысының Сексеуіл елді мекенінде Оқушылар сарайын және Ақтөбе облысының Шалқар қаласында өнер мектебін салу көзделген.

ЛКЗ-ның дамуы елорданы ауқымды индустрияландыру аясында жүзеге асырылуда. 2026 жылғы қаңтар-шілде айларында Астанада 2 256,2 млрд теңгенің өнеркәсіп өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 111,9%-ды құрады. Өңдеу өнеркәсібінің көлемі 2 420,1 млрд теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 110,6%-ды құрады. Оның жалпы өнеркәсіп өндірісіндегі үлесі – 95,1%. Өндірістік секторды дамытуда ірі инвестициялық және өнеркәсіптік жобаларды жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасалған «Астана – жаңа қала» және «Астана – Технополис» арнайы экономикалық аймақтары маңызды рөл атқарады.

Елордадағы ең ірі өндірістік алаң – «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағында орналасқан №1 Индустриялық парк. Мұнда жалпы құны 369 млрд теңгеден асатын 145 өнеркәсіптік жоба жүзеге асырылуда. Бүгінде 103 кәсіпорын жұмыс істеп тұр, тағы 42 жоба іске асыру сатысында. 30-дан астам өндіріс орны шетелдік инвестициялардың қатысуымен құрылуда.

Арнайы экономикалық аймақтар аумағында орналасқан кәсіпорындарда 7 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылды. Іске асырылып жатқан жобалар аясында қосымша 2,5 мыңға жуық жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Жаңа өндіріс орындарын орналастыруға сұраныстың жоғары екенін және №1 Индустриялық парктің табысты тәжірибесін ескере отырып, елордада мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы №2 Индустриялық парк жобасы жүзеге асырылуда. 2029 жылға дейін мұнда жалпы құны шамамен 500 млрд теңге болатын 100-ден астам жобаны орналастыру жоспарланған. Бұл 8 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

«Локомотив құрастыру зауыты» АҚ-да жеті жүзінші локомотивтің шығарылуы – жеке кәсіпорын қызметінің елеулі нәтижесі ғана емес, сонымен қатар Астананың өнеркәсіптік дамуы мен технологиялық әлеуетінің және елорданың экспорттық мүмкіндіктері нығайып келе жатқанының айқын көрсеткіші.



ТӘРТІП ПЕН ТАЗАЛЫҚҚА ҮНДЕДІ

Астанада қоғамдық тәртіп пен тазалықты сақтау мақсатында профилактикалық рейдтер тұрақты түрде өткізіліп келеді. Қаланың Триатлон паркінде «Заң мен тәртіп» қағидаты және «Таза Қазақстан» акциясы аясында қоғамдық тәртіпті сақтау, аумақтың тазалығын қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған профилактикалық рейд өтті.

Рейд барысында әкімдік пен құқық қорғау органдарының қызметкерлері саябаққа келген тұрғындар мен қала қонақтарына түсіндіру жүргізді. Мамандар қоғамдық орындарда белгіленген тәртіпті сақтау, демалыстан кейін қоқысты жинау, аумақты ластамау, сондай-ақ белгіленбеген орындарда от жақпау қажеттігін атап өтті.

– «Таза Қазақстан» акциясы аясында Алматы ауданындағы саябақтарда апта сайын профилактикалық рейдтер өткізіледі. Атап айтқанда, Жерұйық және Триатлон паркттері – ауданымыздағы адамдар көп жиналатын ірі демалыс орындары. Мұнда тұрғындар көкке шығып, пикник ұйымдастырып, кей жағдайда белгіленген ережелерді бұзып, қоқыс тастап жатады. Осындай әрекеттердің алдын алу мақсатында профилактикалық

рейдтер жүргізіп, тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргіземіз» деді Алматы ауданы әкімдігі Ішкі саясат бөлімінің бас маманы Алтынай Мұсаева.

Сонымен қатар рейд барысында учаскелік полиция инспекторлары қоғамдық тәртіпті сақтау және тазалық талаптарының орындалуына бақылау жүргізіп келеді.

– Біз белгіленген учаскелік аумақта күн сайын профилактикалық рейдтер өткіземіз. Мұндағы басты мақсат – қала тұрғындарын тазалық сақтауға бейімдеу, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және қоршаған ортаның ластануына жол бермеу. Әсіресе саябақтар мен демалыс орындарында азаматтардың қоқысты белгіленбеген жерге тастамауына, табиғи аумақтарға зиян келтірмеуіне

және белгіленбеген орындарда от жақпауына назар аударамыз. Әр тұрғын қаланың тазалығы мен қоғамдық тәртібін сақтауға өз үлесін қосуы керек. Жыл басынан бері ҚР ӘҚБтК-нің 505-бабы бойынша 2691 құқық бұзушы, ал ҚР ӘҚБтК-нің 434-2-бабы бойынша 30-дан астам құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды, – деді Астана қаласы Алматы ауданы Полиция басқармасы №4 учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты аға инспекторы Нұралы Тәңірбергенов.

Айта кетейік, Триатлон-паркте мұндай профилактикалық іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Рейдтер «Заң мен тәртіп» қағидаттарын нығайтып, «Таза Қазақстан» бастамасы аясында қалалық ортаның тазалығын сақтауға бағытталған.



ГРАФФИТИЛЕР ЖОЙЫЛДЫ

Есірткі құқық бұзушылықтарының алдын алу және есірткі заттарының таралуына жол бермеу бағытында Астанада кешенді жұмыстар жалғасып жатыр.

Бұл жұмыстың негізгі бағыттарының бірі – есірткі заттарының жарнамасы бар граффитилерді анықтап, жоюға бағытталған профилактикалық рейдтер. Полиция қызметкерлері волонтерлермен және белсенді жастармен бірлесіп, қала көшелерін тұрақты түрде аралап, тыйым салынған заттардың жарнамасы бар жазбаларды анықтап, оларды өшіру жұмыстарын ұйымдастырады. Осындай рейдтер барысында елордада 200-ден астам граф-

фити жойылды.

Профилактикалық жұмыстар тек рейдтермен шектелмейді. Жыл басынан бері елордада есірткі құқық бұзушылықтарының алдын алуға және жастар арасында есірткіге деген тұрақты теріс көзқарасты қалыптастыруға бағытталған 400-ден астам профилактикалық іс-шара өткізілді. Олардың қатарында спорттық жарыстар, зияткерлік ойындар, жастармен кездесулер, ақпараттық акциялар, дәрістер және басқа да іс-шаралар бар.

Полиция жастардың пайдалы әрі белсенді уақыт өткізуіне жағдай жасауға ерекше көңіл бөледі.

Спорт, білім, шығармашылық және қоғамдық бастамаларға қатысу салауатты ортаны қалыптастыруға ықпал етіп, есірткі құқық бұзушылықтарының алдын алудың маңызды бөлігі саналады. Полиция елорда тұрғындарын бейжай қалмай, тыйым салынған заттарды тарату және жарнамалау фактілері туралы хабарлауға шақырады.

ЖАСӨСПІРІМ ҚАУІПСІЗДІГІ – ҰДАЙЫ НАЗАРДА

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі полиция инспекторының негізгі міндеті – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, жасөспірімдерге кездесетін қиындықтарды еңсеруге қолдау көрсету және құқық бұзушылықтардың алдын алу.

Бұл бағыттағы жұмыстардың басты мақсаты – баланың қауіпсіз ортада тәрбиеленіп, білім алып, өз құқықтары мен міндеттерін білуіне жағдай жасау. Профилактикалық іс-шаралар барысында инспекторлар кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алумен қатар, олардың

қиын жағдайға тап болған кезде дер кезінде ересектерден немесе тиісті мамандардан көмек сұраудың маңыздылығы жеткізіледі.

Кәмелетке толмағандармен жұмыс барысында ең маңызды қағидалардың бірі – баланың жеке басына құрметпен қарау. Себебі әр баланың өзіндік мінезі,

беру жасөспірімнің өміріндегі маңызды шешімге себеп болуы мүмкін.

Балалардың қауіпсіздігі – тек полицияның ғана емес, ата-аналардың, педагогтердің және жалпы қоғамның ортақ міндеті. Балаға көрсетілген қамқорлық пен дұрыс тәрбие – оның болашағына салынған ең



мінез-құлқына әсер ететін әлеуметтік және отбасылық жағдайларға да назар аударады.

Профилактикалық кездесулер, түсіндіру жұмыстары, мектептер мен ата-аналар қауымдастығымен өткізілетін әңгімелесулер барысында балаларға қауіпсіздік ережелері, қоғамдық орындардағы тәртіп, буллингтің, зорлық-зомбылықтың және өзге де келеңсіз жағдайлардың алдын алу жолдары түсіндіріледі. Сонымен қатар жасөспірімдерге өз әрекеттерінің салдарын бағалау, заң талаптарын сақтау және

ортасы, тәрбиесі және өмірлік жағдайы бар. Сондықтан инспектордың жұмысы тек талап қоюмен шектелмей, баланы тыңдауды, оның мәселесін түсінуді және қажетті жағдайда қолдау көрсетуді де қамтиды.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі полиция инспекторының қызметі жоғары жауапкершілікті, сабырлылықты, мұқияттылықты және адамгершілікті талап етеді. Кей жағдайда уақытылы жүргізілген қарапайым әңгіме, шынайы көңіл бөлу немесе дұрыс бағыт-бағдар

маңызды инвестицияның бірі.

«Бүгін балаларға қамқорлық жасай отырып, біз ертең бірге қауіпсіз, мейірімді және жауапты қоғам қалыптастырамыз» дейді кәмелетке толмағандар істері жөніндегі полиция инспекторы, полиция лейтенанты Алтынай Хамит.

Полиция қызметкерлері балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау бағытындағы профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырып, әрбір жасөспірімнің қауіпсіз ортада тәрбиеленуіне өз үлесін қоса береді.

«АВТОБУС»: ҚОЗҒАЛЫСҚА БАҚЫЛАУ

Жаңа оқу жылы қарсаңында елордада «Автобус» жедел алдын алу іс-шарасы басталды. Іс-шара жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға және қоғамдық көлік жүргізушілері арасында құқық бұзушылықтардың профилактикасына бағытталған.

Соның аясында полиция қызметкерлері автобус паркттері мен балаларды тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдарды тексеріп, қауіпсіздік талаптарының сақталуына, көлік құралдарының техникалық жағдайына және қажетті құжаттардың болуына назар аударды.

Алғашқы күнде Сәтбаев

көшесінде полиция қызметкер-

лері Toyota Hiace автокөлігін тоқтатты. Тексеру барысында жүргізушінің бұған дейін көлік құралын басқару құқығынан айырылғаны анықталды. Сот шешімімен жүргізушіге 50 АЕК мөлшерінде айыппұл салынды. Автокөлік коммуналдық мамандандырылған айып тұрағына

қойылды.

Полиция балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмысты жалғастырады және қоғамдық көлік жүргізушілерін жолаушыларды тасымалдау кезінде жол қозғалысы ережелері мен қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырады.



АҒАЛАР АЙТҚАН ӘНГІМЕ

Осы тамыз айында көрнекті мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 95 жыл толып отыр. Ол бар саналы ғұмырын ұлтына арнаған нағыз рух сардары, мықты идеолог, жасампаз тұлға еді. Ұлттық құндылықтарды қастерлеу, ел руханияты мен мәдениетін, өнерін өрлету жолында аянбай еңбек етті. Қазіргі елге белгілі өнерпаздарды, мәдениет пен өнер қайраткерлерін қолдап, олардың танылуына үлкен үлес қосты. Режиссер, продюсер, сценарист, композитор, ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Оралбек Сарыбасов тұғырлы тұлғаның көзінің тірісінде «Этнограф Жәнібеков» атты деректі фильм түсірді. Жуырда режиссермен кездесіп, Өзбекәлінің тұлғасы, аталмыш туынды туралы әңгімелестік.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«Мені Өзбекәлі Жәнібековпен өткен ғасырдың сексенінші жылдары Жарқын Шөкәрім таныстырды. Сол уақытта Өзекең Мәдениет министрінің орынбасары еді. Ол кезде Өзбекәлінің бастама-сымен құрылған қазіргі Ықылас Дүкенұлы атындағы халық музыкалық аспаптар музейіне ұлттық аспаптар жиналып жатты. Жарқын ағамыз сол музейдің бөлім бастығы болды. Мен Моңғолиядан келген қандастарымыздан екі сыбызғы алып қалған едім. Соларды музейге тапсыру барысында Өзекеңмен кездестім.

Ал 1987 жылы «Қазақтелефильм» студиясында қызмет істеп жүргенімде 8 сағаттық фильм-концерттер түсірілетін. Бұл өнімді сатып алушы Қазақ телевизиясы еді. Республикадағы жалғыз телеарна болғандықтан соны Орталық комитет бекітетін. Содан студияның басшылығына барып, фильм-концерттерге қоса, деректі фильмдерді түсіруді ұсындым. Сонда «Кавказды қараңыздаршы, шалдарды түсіргенде олардан ұлттың болмысы көрінеді. Біз де ұлттық құндылықтарды көрсетейік. Көкірегі алтын көмбе көнекөз қарияларымыз бар, соларды ұстап қалайық. Өсейін деп келе жатқан жастар да шықты, соларды елге танытайық» деген уәж айттым. Басшылық «Біз мұны шешпейміз, Өзбекәлі Жәнібековке бар» деп сол кісіге сілтеді. Өзекең – ол уақытта Мәдениет министрі. Бірақ алдымен Құрманғазы консерваториясының сол кездегі ректоры Дүйсен Қасейіновке бардым. Ол қолымдағы тізімді көріп, «қарсы емеспін» деп қол қой-



ЖӘНІБЕКОВТІҢ ЖАСАМПАЗДЫҒЫ

ды. Әрі қарай Өзекеңе кірдім. «Шежіре» айдарымен көрнекті тұлғаларды, жас өнерпаздарды арқау етіп, 2 сағаттық деректі фильм түсірмек ойымды жеткіздім. Бұл идеям оған қатты ұнады. Таңертең барған едім, әңгіме үстінде қалай түс болғанын байқамай қалдым. Мен апарған тізімге кезінде Қазақстанды басқарған, сол жылдары Мәскеуде тұрған Нұртас Оңдасыновты, опера әншісі Ерік Құрманғалиевті, атақты Мария театрының примасы болған Алтынай Асылмұратованы, жазушылардан Әбіш Кекілбайұлын, сол уақытта шығыстануда жақсы шығып келе жатқан Әбсаттар Дербісәліні, Мәдина

Ералиева, Майра Илясова, Нұржамал Үсенбаева, Баян Сағымбаева секілді әншілерді, әнші, композитор Алтынбек Қоразбаевты, жыршы, жырауды Алмас Алматовты, флейташы Қайролла Жүмекеновті, күйші Айтжан Тоқтағанды, күйші, композитор, дирижер Айтқали Жайымовты, басқа да өнерпаздарды, өнер ұжымдарынан «Алтынай» мемлекеттік халық би ансамблін, «Шертер», «Сазған» ансамбльдерін қосуды ұсындым. Биші Тойған Ізімді Өзекеңнің өзі қосты. Сол тізімді Өзбекәлі Жәнібеков мақұлдады. Қазір қарап отырсам, солардың бәрі елге танымал адамдарға айналды, кейбіреу-

лері Халық әртісі атағын алды. Біраз фильмді Аяған Шәжімбай екеуміз түсірдік» дейді Оралбек Сарыбасов.

Бір күні режиссерге Өзбекәлі Жәнібековтің өзі туралы деректі фильм түсіру идеясы келді. Соны іске асыру мақсатында тоқсаныншы жылдардың басында қайраткерді іздеді. «Алматы» шипажайында екенін естіп, сонда барды. Бірақ бөлмесіне кіріп барғанда демалып жатқан емес, жұмыстағы адамға жолыққандай болды. Режиссерді костюм-шалбар киген, галстук таққан Өзбекәлі қарсы алды. Ұсыныс айтылғанда, бастапқыда келіспей, «Мен кімге керекпін?» деп бас тартты. Алдымен «Алтынай» халық би ансамблін түсіруді ұсынды. Оралбек Сарыбасов ұсынысын орындаған соң, «Айтқаныңызды орында-

дым, енді кезек сізге келді» деп, тағы алдына келді. Өзбекәлі келісіп, түсірілім оның қалауымен Ықылас Дүкенұлы атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде басталды. Одан кейін қайраткердің шаңырағында жалғасты. «Үйі де музей сияқты екен» дейді Оралбек Сарыбасов. Содан соң режиссер Қожа Ахмет Ясауи кесенесін күн шығып келе жатқанда түсіруді ойластырып, осы кесенеге, «Эрмитаждан» тайқазанды қайтарудағы Өзбекәлі Жәнібековтің сіңірген еңбегін ескеріп, түсірілімді сонда жалғастыруды ұсынды. Өзекең оған келісті. Режиссер кейіпкерінен бір күн бұрын қасиетті Түркістанға жетті.

«Қонақүй бөлмесінде қаннен қаперсіз ұйықтап жатқанбыз. Біреу есікті дүңкілдетіп әкетіп барады. Сағатты қарасам, таңғы 4-тен 15 минут кетіпті. Есікті ашсам, Өзекең тұр. «Таң атып қалды ғой, түсірілімге шықпайсыңдар ма» деді. Содан жедел түрде оператормен далаға атып шықтық. Әйтеуір кесенені күн шығып келе жатқанда түсіруді үлгердік. Өзекең оятпаса, үлгермейді екенбіз.

Сол сапарда көне Отырарды, Шәуілдірді, жалпы біраз жерді түсірдік. Бір музейге кіргенімізде Өзекең қай жәдігер қай тұста тұру керектігі жөнінде нұсқау беріп қана қоймай, үлкен қызметіне қарамай өзі орналастырды. Соған таңғалдым. Кейін Өзбекәлі ағаның үйіне барып жүрдім. Соның бірінде жеңгей Өзекеңнің Торғайда қызмет істеп жүрген кезін еске алды. Оның айтуынша, берілген үй кішкентай бір бөлме болса да, Өзекең шаңырағына небір құнды жәдігерлерді жинайды екен. Оларды біреуден сұрап алса, кейбіреуден сатып алатын көрінеді. Сол жәдігерлердің арасында ат әбзелдерінен бастап, әшекейлер, түрлі тұрмыстық бұйымдар болған екен. Түркістанға сапарымызда Өзбекәліге біреулер «бұл Абылай ханның бас киімінің түпнұсқасынан жасалған тура көшірмесі» деп киізден тоқылған бас киім сыйлады. Соны Өзекең «Ол мына жігітке лайық» деп менің басыма кигізді. Өкінішке қарай, қайраткердің тәбарағын сақтай алмадым. Белгілі мәдениеттанушы, философ Мұртаза Бұлұтай сол уақытта жас жігіт еді. Германиядан енді келген беті екен, соған сыйлап жібердім. Кейін сұрасам, ол да сақтамапты» дейді Оралбек Сарыбасов. «Этнограф Жәнібеков» деректі фильмінің үзіндісі YouTube арнасында бар. Онда қайраткер өмірбаянын әңгімелеуден бастап, ұлтқа керек мәселелерді қозғайды.

«Бүгін ата-бабамыз, біз дүниежүзілік өркеніетке қандай үлес қостық деген сұрақ туады. Осы сұраққа жауап беру үшін ең алдымен халықтың өзі, оның өнері, жасампаздығы жайында әңгіме қозғаған орынды

сияқты. Қазақ халқы өз бастауын Әлкей Марғұлан айтқан алғашқы қарабайыр егіншіліктен, көне металлургиядан, мал шаруашылығынан бастағаны белгілі. Сонда біздің қазіргі өзіміз ие болып, мирас етіп жатқан дүниеміз сол заманнан бермен қарай ата-бабаларымыздың, Қазақстан жерін мекендеген әртүрлі дала тайпаларының мәдениетінің қосындысы, нәтижесі болады» дей келе, сәулет өнерін тарқтады. Сонда киіз үйден бастап, шошаланы атап өтеді. Одан кейін қоржын үйді айтады. Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау мәселесін көтереді. Соның ішінде Қазақстанда 25 мыңға жуық тарихи-мәдени ескерткіштің барын анықталғанын, оның есепке алынғаны 7 мыңға жетер-жетпес екенін айта келе, көпшілігі жылдан-жылға құрып бара жатқанын сөз етеді. Олардың арасында Ботай қонысын, Бешатыр қорғанын, Әзірет сұлтан қорығын, Маңғыстаудағы тарихи-мәдени ескерткіштерді атап өтеді.

Жалпы ұлтымызда «өлгенін тірілтіп, өшкенін жандырған» бір тұлға болса, бұл – Өзбекәлі Жәнібеков. Бірнеше жыл бұрын ғана елордадағы жобалық атауы №142 көшеге Өзбекәлі Жәнібеков аты берілді. Бұл көше Айнакөл көшесінен басталып, Мұстафа Шоқай көшесінде аяқталады. Ұзындығы 1 шақырымнан сәл ғана асады. Қазір Ұлттық музейде «цензор» қайшысы мен бөкісі сақтаулы. Бұл жәдігерлерді 2015 жылы «Ұлттық музейге сый тарту» шарасының шеңберінде немересі Азель Бауыржанқызы тапсырған.

Бірнеше жыл бұрын сауалнама жүргізгенімізде журналист Бауыржан Сабырбеков пен драматург Сая Қасымбек осы Ұлттық музейді Өзбекәлі Жәнібековтің атына беруді ұсынды. Несі бар, орынды ұсыныс. Тұлғаның музейлерге, жалпы ұлт руханиятына тікелей қатысы барын жоғарыда жаздық. Осындай тұлғаларды ұлықтау арқылы ұлттық рухты асқақтатынымыз шын. Өзбекәлі Жәнібековке бас қаладан еңселі ескерткіш орнатылса да артық етпейді. Тұғырлы тұлға бұған әбден лайық.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ			
20.08.2026		№510-2944	

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астана-сының мәртебесі туралы», Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Әкімшілік ғимарат» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Хусейн бен Талал және К-2 (жобалық атауы) көшелерінің қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 16,4799 га, жер учаскелері 2026 жылғы 1 қарашадан бастап 2027 жылғы 1 қарашада дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жа-

рияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.К. Өтебаевқа жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы « 20» 08 № 510-2944 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-320-135-4787	«ProLand KZ» ЖШС	14803	13893	Астана қ., «Есіл» ауданы, Өл-Фараби даңғылы, №46/8 учаске	Коммерциялық үй-жайлары, аутомобильдер, ойын-сауық орталығы, балабақшалары, мектебі, дүкені және саябақ аймағы бар көптептеріл тұрғын үй кешендерін салу	19.05.2052ж. дейінгі мерзімге уақытша ақылы ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығы.
2.	21-320-135-4474	«Singapore International School Kazakhstan» ЖШС	60001	46041	Астана қ., «Есіл» ауданы, Хусейн Бен Талал көшесі, №42 учаске	Сингапур мектебін салу	30.09.2028ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығы

3.	21-320-135-4478	«Mandarin Building» ЖШС	88274	88274	Астана қ., «Есіл» ауданы, №38 көшесі, №50/1 учаске	Аз қабатты тұрғын үй кешенін салу	10.08.2027ж. дейінгі мерзімге уақытша қысқа мерзімді жер пайдалану құқығы
----	-----------------	-------------------------	-------	-------	--	-----------------------------------	---

БОРЫШКЕРЛЕРДІ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТARTY

Қазақстан Республикасында атқарушылық құжаттардың талаптарын орындамау – бұл әкімшілік жауапкершілікке әкелетін маңызды құқық бұзушылық. Атқарушылық құжат – соттың немесе басқа да уәкілетті органдардың шешіміне негізделген, заң күші бар міндетті құжат.

Осы мақалада борышкерлерге әкімшілік ықпал ету негіздері, тәртібі және шаралары қарастырылады.

Атқарушылық іс жүргізу және оның талаптарын орындамағаны үшін жауапкершілікке тарту мәселелері Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексында, атап айтқанда, 669-бабында, сондай-ақ «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңында бекітілген.

Борышкерді әкімшілік жауапкершілікке тарту мынадай жағдайларда мүмкін:

1. Атқарушылық құжат талаптарын орындамау: борышты төлемей, мүлікті беру туралы шешімді орындамау немесе құжатта көрсетілген басқа да әрекеттерді жасамау.

2. Ескерту беру: сот орындаушысы борышкерге талаптарды орындау қажеттілігі және оларды орындамаған жағдайда туындайтын салдарлар туралы хабарлауға міндетті.

3. Қасақана жалтару: міндеттерді әдейі орындамау – мүлікті жасыру, табыс туралы ақпарат беруден бас тарту және басқа да әрекеттер немесе әрекетсіздік.

Жауапкершілікке тарту тәртібі:

1. Мемлекеттік сот орындаушысы құқық бұзушылық фактісін тіркейді, әкімшілік хаттама толтырып, оны сотқа жібереді.

2. Сот істің мән-жайларын қарастырып, тараптарды тыңдайды және борышкерді жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдайды.

3. Құқық бұзушылықтың ауырлығына байланысты мынадай шаралар қолданылады: айыппұл немесе 5 тәулікке дейінгі әкімшілік қамауға алу.

Сонымен қатар, ҚР ӘҚБтК 694-бабына сәйкес, Әділет органдары жеке нотариустар жасаған құқық бұзушылықтарға қатысты істерді (230-балтың екінші бөлімі), сондай-ақ 457, 468, 670, 671 және 672-баптарда көзделген құқық бұзушылықтарды қарайды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-тамыз айлары аралығында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Астана қаласының Әділет департаментінің «Әкімшілік практика аумақтық бөлімі» филиалының мемлекеттік сот орындаушылары борышкерлерге қатысты 349 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасаған.

Олардың ішінде 334 борышкер әкімшілік жауаптылыққа тартылды, ал 15 әкімшілік іс соттың қарауында.

Соттардың әкімшілік істер бойынша шығарған қаулыларына сәйкес, 283 борышкерге 5-тен 40 АЕК-ке дейінгі мәшперде әкімшілік айыппұл, ал 51 борышкерге 2 тәуліктен 5 тәулікке дейін әкімшілік қамақ қолданылды.

Борышкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тартудың тиімділігін арттыру үшін: 2021 жылғы 20 сәуірдегі регламент: Астана қаласының Әділет департаменті мен Астана қаласы Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы арасында борышкерді жауапкершілікке тарту рәсімін жетілдіру туралы келісім бекітілді.

2022 жылғы 17 қарашадағы алгоритм: Астана қаласының Әділет департаменті,

Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы, Астана қаласының полиция департаменті және қалалық прокуратура арасында борышкерлерді жеткізу тәртібі туралы келісім бекітілді.

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасының Әділет министрі мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 24 қарашадағы №691 және №950 бірлескен бұйрығымен тиісті түрде хабарланған, бірақ Департаментке келмеген тұлғаны жеке сот орындаушысы Ішкі істер органдары қызметкерінің қатысуымен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалатын жерге мәжбүрлеп жеткізуді тәртібі белгіленді.

Алимент төлемдері бойынша борышкерлердің орналасқан жерін анықтау үшін Астана қаласының Әділет департаменті, полиция және жеке сот орындаушыларының қатысуымен тоқсан сайын рейттік іс-шаралар өткізіледі.

Бұл іс-шаралар кезінде борышкерлерге атқарушылық құжат талаптарын орындау қажеттілігі, орындамаған жағдайда әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке немесе ғұмылдық хабарлама беріледі.

Атқарушылық құжат талаптарын орындамағаны үшін борышкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тарту құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде және талап қоюшы тараптың мүдделерін қорғауда маңызды рөл атқарады.

Д.ОНЛАСЫН,
Астана қаласы Әділет департаментінің «Әкімшілік тәжірибе жөніндегі аумақтық бөлім» филиалының басшысы – аға сот орындаушысы

«Қазақстандық керлинг, жер керлинг және петанг федерациясы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің 2018 жылы 22 тамызда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен №5592-1900-ҚБ тіркелген

Жарғысының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын. тел. 8 777 196 47 71. Құрметпен Жүзбай А.Д. 28.08.2026 жыл

Бүгін елорда әкімдігінің республикаға таралатын қоғамдық-саяси басылымы – «Астана ақшамы» газетінің 5 000-ыншы нөмірі қолыңызға тиіп отыр. Осыдан 35 жыл бұрын, дәлірек айтқанда, 1990 жылдың 13 қазанында Целиноградта «Ақмола ақиқаты» деген атпен алғаш рет қазақ тіліндегі қалалық газеттің жарыққа шыққанын көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Қазір «Elorda aqparat» медиахолдингі құрамындағы «Астана ақшамының» тарихы осы басылымнан бастау алады.



Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

БАСЫЛЫМНЫҢ 5000 БЕЛЕСІ

Әр бетіне Ақмола өңірінің шежіресін қаттап, жаңалықтың жаршысы, оқырманның олжасына айналған басылым тәуелсіз еліміздің тағдырлы кезеңдерінің куәсі әрі шежірешісі іспеттес. Халық депутаттары қалалық советі мен Қазақстан КП Целиноград қалалық комитетінің үні «Ақмола ақиқаты» газеті болып ашылған жаңа басылым қазақ тілінің өрісі тарылып, беделінің бедері кете бастаған тұста алғашында аптадасын бір рет жарық көрді. 1998 жылдың қаңтарында «Ақмола ақшамы», кейін «Астана ақшамы» атанып, республикалық қоғамдық-саяси газет мәртебесіне ие болды. Осы жылдар ішінде оның әрбір нөмірінен облыс орталығындағы жаңалықтар, әлеуметтік-экономикалық жағдай, қоғамдағы өзекті мәселелермен бірге елорда атауының қайта жаңғыруы, Астананы көшіру туралы тарихи шешім, қаланың қалыптасуы мен дамуындағы барлық маңызды уақиғалар айқын көрініс тапты.

Тарихқа көз жүгіртсек, 18-ақ пайызы қазақ болған Целиноградта «Ақмола ақиқаты» деген атаумен жарық көрген басылым бүгінде қол жеткен жетістіктерді көрсетіп қана қоймай, қала тіршілігінде орын алған кейбір кемшіліктерге сыни көзбен қарай отырып, тың тақырыптарды қаузап, оқырманмен кері байланыс орнатып, олардың ой-пікірін жиі жариялайтын мазмұнды да беделді басылымға айналды. Ол бірнеше мәрте ұлттық және халықаралық деңгейдегі марапаттарға ие болып, кәсіби деңгейін биіктетіп, жаңа медиа кеңістігінде лайықты орын алды. Атап айтсақ, 2002 жылы «Астана ақшамы» газеті Қазақстан



журналистика академиясының «Алтын жұлдыз» сыйлығының лауреаты атанды. Басылым 2018 жылы ҚР Президентінің Алғыс хаты мен «Нұр-Сұңқар» сыйлығын иеленді.

35 жылдың ішінде газеттің танымалдығы артып, таралымы көбейді. Бүгінде ұлт ұпайын түгендеген қаланың басты басылымы өз жолына адал болып, ел намысының жалауын жықпай, желбіретіп келеді. Бұл ретте әр жылдарда газетке басшылық еткен редакторлардың, осы ұжымда қызмет атқарған қаламы жүйрік журналистер мен барлық шығармашылық ұжымның табылса еңбегі, маңдай тері мен машақаты, басылым беделін көтеру бағытындағы үлесі ерен,

ерекше. Мұндағы қызметкерлердің дені – халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты.

Жалпы, газет даму мен өркендеуге қызмет ететін қайталанбас институт болса, сол институттың негізгі миссиясы – қарапайым халықтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ағартушылық пен идеологиялық қызмет атқару, халықтың мұң-мұқтажына құлақ асып, жоқшысы мен рухани серігі болып қалу. Осы тұрғыдан алғанда, біздің басылым бүгінге де, болашаққа да адал қызмет ететін, жүрісінен жаңылмайтын, бағдарынан адаспайтын ақпарат компасы деуге лайықты. Сондай-ақ бұл басылым – Мемлекет басшысының үзбей қарайтын

және міндетті түрде оқитын газеттерінің қатарында. Мұның өзі – газет үшін зор мақтаныш әрі бүкіл ұжымға артылған үлкен сенім мен жауапкершілік.

Қазіргі таңда ұлағатты ұстаным мен үздік үрдісті үзбей жалғап келе жатқан «Elorda aqparat» медиахолдингі құрамындағы «Астана ақшамы» газетінің редакция өкілдері директор Олжас Сыдықбектің жетекшілігімен бас қаланың басты ақпарат көзіне айналып, оқырман ықыласына бөленіп отыр. Заман талабына ілесіп, олардың әлі талай биіктерді бағындырары анық. Ендеше, шаһар шежіресін қалыптастырған газетіміздің мерейлі белесі құтты, ғұмыры ұзақ болғай!

Астанада Қазақстан мен Орталық Азияда алғаш рет «Coupe Mondiale 79» халықаралық баянистер мен аккордеоншылар байқауы өтті. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен, Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы ұйымдастырған додаға 16 елден 153 өнерпаз қатысты.

ЖАНДОС САУЫТ – ЖЕҢІМПАЗ

Шапағат ӘБДІР

Байқауға Қазақстаннан 40 орындаушы қатысып, халықаралық сахнада бақ сынады. Шетелдік қатысушылар қатарында Ресей, Қытай, Италия, Португалия, Жапония, Швейцария, Бразилия, Өзбекстан және басқа да елдердің өкілдері болды. Халықаралық додаға Халықаралық аккордеоншылар конфедерациясының 46 делегаты келді. Олардың қатарында конфедерация президенті Мирко Патариини және әлемге танымал музыканттар мен мамандар бар. Сонымен қатар байқау аясында шеберлік сабақтары өтіп, жас орындаушылар халықаралық деңгейдегі өнер шеберлерінен тәжірибе алды. Байқаудың қорытынды кезеңінде үздік қатысушылар

атанса, «Coupe Mondiale шеберлері» аталымында ресейлік Тимур Сетраков топ жарды.

Ал «Coupe Mondiale» номинациясында Қазақстан атынан қатысқан Жандос Сауыт жеңімпаз атанды. Сондай-ақ Scythians триосы «Әлемдік музыка ансамблі» аталымында бірінші орын иеленіп, ел қоржынына тағы бір жүлде салды.

Қатысушыларға арнайы жүлделерді Халықаралық аккордеоншылар конфедерациясының президенті Мирко Патариини табыстады. Концерт бағдарламасында жеті аталымның жеңімпаздары да өнер көрсетті.

Қорытынды концертте ұлттық музыка мен әлемдік классика туындылары орындалды. Байқау жеңімпаздарымен бірге сахнаға «Қазақконцерттің» әртістері мен шығармашылық ұжымдары



өнер көрсетіп, жеңімпаздар марапатталды. Жалпы жүлде қоры 16 миллион теңгені құрады. Негізгі Coupe Mondiale санатында 1 орынға 3 мың еуро, II орынға 2 мың еуро, III орынға 1 мың еуро көлемінде жүлде берілді.

Атап айтқанда, жеті аталым бойынша жеңімпаздар марапатталып, «Классикалық музыка ансамблі» аталымында ресейлік Siberian Bayan Quartet ұжымы бірінші орын алды. «Жасөспірімдер арасындағы виртуоздық эстрадалық орындаушылық» аталымында италиялық Давиде Ди Джакомо, «Жасөспірімдер арасындағы Coupe Mondiale» аталымында жапониялық Фуга Мидзутани жеңіске жетті. «Ересектер арасындағы виртуоздық эстрадалық орындаушылық» аталымында Босния және Герцеговина өкілі Джордже Перич үздік

шықты. Сонымен бірге 40-тан астам баяншы Құрманғазының «Адай» күйін бірге орындады. Салтанатты кеш Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнімен аяқталды. Сондай-ақ ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ықылас гүлі табысталды.

Жоба баян мен аккордеон өнерін дамытуға және халықаралық шығармашылық байланысты нығайтуға жаңа серпін берді. Байқаудың басты демеушісі – «Қазақстан Халық банкі».

«Бұл байқаудың Қазақстанда алғаш рет өтуі – біз үшін үлкен мүмкіндік болды. Әлемнің мықты орындаушыларымен бірге өнер көрсетіп, тәжірибе алмасу кәсіби тұрғыдан көп нәрсе үйретті. Осындай халықаралық байқаулардың елімізде өтуі жас музыканттарға үлкен қолдау деп ойлаймын» деді жеңімпаз Жандос Сауыт.

ТҰРҒЫН ҮЙДЕ – МУЗЫКА МЕКТЕБІ

Астанадағы «Гарант» тұрғын үй кешенінде №1 балалар музыка мектебінің жаңа филиалы ашылды. Салтанатты ашылу рәсіміне Сарыарқа ауданының әкімі, Астана қаласы Білім басқармасының өкілдері, педагогтар, оқушылар, ата-аналар мен мектеп қонақтары қатысты.

Жалпы аумағы 200 шаршы метрді құрайтын филиал 100-150 балаға арналған. Мұнда домбыра мен қобыз сияқты халық аспаптары, эстрадалық вокал, хореография және музыкалық-теориялық пәндер бойынша сабақтар өткізіледі.

Оқу үдерісіне қажетті жеке сабақ кабинеттері, музыкалық-теориялық пәндер бөлмесі және хореография залы

жабдықталған. Сонымен қатар филиалда дыбыс жазу кабинеті жұмыс істейді. Мұнда оқушылар өз шығармаларын жазып, шығармашылық жобаларын жүзеге асырып, заманауи музыкалық технологияларды меңгере алады.

Филиалда костюмерлік бөлме мен мектеп мұрағаты да қарастырылған. Бұл сахналық қойылымдарға дайындалуға және оқу орнының тарихына

қатысты құнды материалдарды сақтауға мүмкіндік береді.

№1 балалар музыка мектебінің директоры Жанар Серікқызының айтуынша, жаңа филиалдың ашылуы білім беру ұйымының 35 жылдық мерейтойы аталып отырған жылда ерекше мәнге ие.

«Бұл филиалдың ашылуы – мектептің дамуындағы маңызды қадам. Басты мақсатымыз –

балаларға сапалы музыкалық білім алуға қолайлы әрі заманауи жағдай жасау. Әсіресе, осы ауданда тұратын балалар үшін музыка мектебінің қолжетімді болуы олардың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашады. Ал дыбыс жазу кабинеті сияқты заманауи кеңістіктер жас таланттардың өз қабілетін жаңа форматта көрсетуіне мүмкіндік береді» деді мектеп директоры Жанар Серікқызы.

Іс-шара барысында №1 балалар музыка мектебінің оқушылары мен педагогтары концерттік бағдарлама ұсынып, өз өнерлерін ортаға салды.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №102
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА